

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

**Ауа баптағыш
(сплит-жүйе)**

DEXP

AC-R070MA/W

AC-R090MA/W

Мазмұны

Құрылғының мақсаты	5
Сақтық шаралары	5
Құрылғы схемасы	8
Дисплейдегі индикаторлар мен кодтардың мәні	9
Оңтайлы өнімділік баптаулары	10
ҚБ пультін пайдалану	11
ҚБ пульті	13
Дисплейдегі индикаторлар	16
ҚБ пультімен жұмыс істеу	17
«AUTO» режимі	17
«COOL», «HEAT» және «FAN» режимдері	17
«DRY» режимі	18
Ауа ағынының бағытын ауыстыру	18
Таймер	19
Ауа баптағыш функциялары	20
Автоматты түрде іске қосу	20
Зеңнің пайда болуын болдырмау функциясы	20
Тоңазыту агентінің жетіспеушілігін анықтағыш	20
Сымсыз басқару	20
Пердеше баптауын есте сақтау	20
«SLEEP» режимі	21
Ауа ағынын баптау	22
Ауа баптағышты ҚБ пультінсіз басқару	23
Қызмет көрсету және күтім	24
Ауа сүзгісін тазарту	24
Ауа сүзгісін тазарту және ауыстыру туралы еске салу	25
Ұзақ тұрып қалу аралығы	25
Ұзақ тұрып қалудан кейін іске қосу	25
Ықтимал ақаулықтар және оларды жою тәсілдері	26
Техникалық сипаттамалар	29
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары	30
Қосымша ақпарат	31

Құрметті сатып алушы!

Сізге «DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бұйымды әрі қарай пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының мақсаты

Сплит-жүйе типті тұрмыстық ауа баптағыш тұрғын, қоғамдық және әкімшілік-тұрмыстық үй-жайларда санитарлық-гигиеналық нормаларды қамтамасыз ету кезінде ауаның оңтайлы температурасын құруға арналған. Ауа баптағыш ауаны салқындату, кептіру, жылыту (тек салқындатуға жұмыс істейтін үлгілерден басқа), желдету және шаңнан тазарту әрекеттерін орындайды.

Шартты белгілер

ҚАУІПТІ!

Жойылмаған жағдайда өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкелетін қауіпті жағдай.

АБАЙЛАҢЫЗ!

Жойылмаған жағдайда елеусіз жарақаттарға әкелуі мүмкін қауіпті жағдай.

ЕСКЕРТУ

Мүлік зақымдануының ықтимал қаупін білдіретін маңызды ақпарат.

Сақтық шаралары

Олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылауды жүзеге асыратын жағдайларды қоспағанда, құрылғы балалардың және физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі тұлғалардың пайдалануына арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

Назар аударыңыз!

Құрылғыны орнату кезіндегі сақтық шаралары


- Құрылғыны авторизацияланған маман орнатуы тиіс. Дұрыс емес орнату судың ағып кетуіне, электр тогымен зақымдануға немесе өртке әкелуі мүмкін.
- Берілген құрылғыны барлық жөндеу жұмыстары, техникалық қызмет көрсету және жылжытуды авторизацияланған сервистік маман орындауы тиіс. Дұрыс емес жөндеу ауыр жарақатқа немесе өнімнің істен шығуына әкелуі мүмкін.

Пайдалану және техникалық қызмет көрсету

- Ауа баптағыш күтімі мен пайдаланушылық қызмет көрсетуді ересектердің қарауынсыз балалар жүргізбеуі тиіс.
- Ауа баптағышты әмбебап розеткаға қоспаңыз. Бұл өртке әкелуі мүмкін.
- Электр тогымен зақымдануға жол бермеу үшін ауа баптағышты тазартқан кезде оны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Егер қуат беру бауы зақымданған болса, онда оны қауіпті жағдайларды болдырмау үшін авторизацияланған сервистік орталық алмастыруы тиіс.
- Электр тогымен зақымдануды болдырмау үшін ауа баптағышты сүмен жұмаңыз.
- Электр тогымен зақымдануды және аспаптың зақымдануын болдырмау үшін ішкі блокқа сұйықтықты шашпаңыз.
- Сүзгіні алмастырған кезде жарақаттарды болдырмау үшін радиаторлық пластиналарға тимеңіз.
- Өрттің пайда болуын немесе сүзгінің зақымдануын болдырмау мақсатында сүзгіні кептіру үшін отты немесе фенді пайдаланбаңыз.
- Ауаны кіргізу және шығару саңылауларына саусақтарды немесе басқа заттарды салмаңыз. Бұл жарақаттарға және аспаптың зақымдануына әкелуі мүмкін.
- Ауаны кіргізуге және шығаруға арналған саңылауларды жаппаңыз. Бұл аспаптың ақаулығына әкелуі мүмкін.
- ҚБ пультыне су төкпеңіз, себебі ол істен шығуы мүмкін.
- Келесі құбылыстар орын алған жағдайда ауа баптағышты сөндіріңіз және қуат көзін жылдам сөндіріңіз, содан кейін мәселені жою үшін авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз:
 - қуат көзі бауы қызып кетеді немесе зақымданған;
 - пайдаланған кездегі оғаш дыбыс;
 - электр тізбегінің жиі үзілуі;
 - ауа баптағыштан шығатын күйік иісі;
 - ауа баптағыштың ішкі блогындағы шығып кету.
- Егер ауа баптағыш дұрыс емес жағдайларда пайдаланылатын болса, бұл ақаулықтың себебі болуы мүмкін және электр тогымен зақымдануға немесе өрттің шығуына әкелуі мүмкін.
- Ауа баптағышты апаттық ажыратқыштың көмегімен қосу және сөндіру кезінде сөндіргішті оқшауланған, металл емес затпен басыңыз.
- Сыртқы блоктың жоғарғы панелін баспаңыз және оған ауыр заттарды қоймаңыз. Бұл блоктың зақымдануына және жарақаттарға әкелуі мүмкін.
- Жарақатар мен аспаптың зақымдануына жол бермеу үшін орнатуды ұлттық электртехникалық нормаларға сәйкес тек білікті мамандар ғана жүргізуі тиіс.
- Орнату кезінде электр қауіпсіздік талаптарын сақтаңыз.
- Электр қуатының ауа баптағыш талаптарына сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.
- Қуат беру фазасын, бейтарап сым мен жерге тұйықтау сымын дұрыс қосуды орындаңыз.
- Электрмен байланысты кез келген жұмыстарға кіріспес бұрын оның сөндірілгендігіне көз жеткізіңіз.

- Аспапты орнату аяқталмаған болса, қуат көзін қоспаңыз.
- Электрмен жабдықтау тізбегін және автомат-ажыратқышты жергілікті қауіпсіздік талаптарына сәйкес пайдаланыңыз.
- Міңдетті түрде автомат-ажыратқышты орнатыңыз, оның болмауы аспаптың ақаулығына әкелуі мүмкін.
- Тізбекті артық жүктемеден қорғау үшін электрмагниттік және жылулық ағытқышы бар сәйкес қуатты автомат-ажыратқышты пайдаланыңыз.
- Реленің тұйықтаушы түйіспелерінің арасындағы минимум 3 мм саңылауы бар көп полюсті ажыратылатын ажыратқыш тұрақты электр сымдар желісіне қосылған болуы тиіс.
- Сәйкес келмейтін қуат көзі бауын пайдаланбаңыз.
- Ауа баптағыш бірінші санатты электр аспаптарына жатады. Оны арнайы жерге тұйықтау құрылғысының көмегімен білікті маман жерге тұйықтауы тиіс. Аспаптың зақымдануына және электр тогымен зақымдануға жол бермеу үшін оның сенімді түрде жерге тұйықталғандығына көз жеткізіңіз.
- Ауа баптағыштың сары-жасыл сымы – бұл басқа мақсаттарда пайдалануға болмайтын жерге тұйықтау сымы.
- Жерге тұйықтау кедергісі ұлттық электр қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Тоңазыту агенті тізбегінің температурасы, әдеттегідей, өте жоғары. Байланыстырғыш кабельдің мыс түтікшемен өзара байланыспайтындығына көз жеткізіңіз.
- Аспаптың электр ашасы қолжетімді жерде орналасуы тиіс.
- Сыртқы және ішкі блок сымдарының барлық қосылымдарын білікті мамандар жүзеге асыруы керек.
- Егер қуат беру бауының ұзындығы жеткіліксіз болса, алмастыру үшін авторизацияланған сервистік орталыққа хабарласыңыз. Бауды өз бетіңізше ұзартуға тырыспаңыз.
- Егер сізге ауа баптағыштың орнын ауыстыру керек болса, білікті маманға жүгініңіз.
- Орнату үшін балалар мен жануарларға қолжетімсіз, сонымен қатар өсімдіктерден алыс болатын орынды таңдаңыз. Егер мұндай орынды таңдау мүмкін емес болса, қорғаныс үшін қосымша қоршауды пайдаланыңыз.

Құрылғы схемасы



1. Алдыңғы панель.
2. Пердеше.
3. Қуат беру кабелі*.
4. ҚБ пульті.
5. ҚБ пультің ұстағыш*.
6. 7. 8. 9. Әртүрлі үлгілердің дисплейлері.

Ескерту: бұл нұсқаулықтағы барлық суреттер танысу мақсатында берілген және шынайы құрылғыдан ерекшеленуі мүмкін.

*Қосымша.

Дисплейдегі индикаторлар мен кодтардың мәндері

«fresh»	Ауа сергіткіш режимі белсендірілген.*
«defrost»	Еріту режимі белсендірілген.
«run»	Құрылғы қосылған.
«timer»	Таймер орнатылған.
«88»	<ul style="list-style-type: none"> • Орнатылған температураны көрсетеді. • Үй-жайдың температурасын желдету («FAN») және кептіру («DRY») режимдерінде көрсетеді. • ЭКО* («ECO») режимін белсендіру кезінде жүгіртпе жолда ECO жазбасы мен орнатылған температураны көрсетеді. • Қате болған жағдайда қате кодын көрсетеді.
«00»	Қосымша функциялар қосылған кезде 3 секунд бойы жарқырайды (таймер, тыныш және т.б.).
«0F»	Қосымша функциялар (таймер, тыныш және т.б.) өшірілген кезде 3 секунд бойы жарқырайды.
«cF»	Қатып қалудан қорғаныс режимі белсендірілген.
«dF»	Құрылғы еріту процесінде.
«5C»	Құрылғы өздігінен тазару процесінде.
«FP»	Жылыту функциясы қосылған (8 °C).*
«  »	Сымсыз басқару функциясы қосылған.*

*Барлық үлгілер үшін қолжетімді емес.

Оңтайлы өнімділік баптаулары

Салқындату, жылыту және кептіру режимдеріндегі ауа баптағыштың оңтайлы өнімділігіне төмендегі кестеде берілген температураларда қол жеткізуге болады. Берілген температуралар диапазонынан шыққан жағдайда құрылғының автоматты қорғанысы және ауа баптағыштың өнімділігі түседі.

Инверторлық режим

	Салқындату	Жылыту	Кептіру
Үй-жайдағы температура	17 °C - 32 °C	0 °C - 30 °C	10 °C - 32 °C
Үй-жайдан тыс температура	0 °C - 50 °C	-15 °C - 30 °C	0 °C - 50 °C
	-15 °C - 50 °C (Күштірек салқындату жүйесі бар үлгілер)		
	0 °C - 60 °C (Тропикалық климатқа арналған үлгілер)	0 °C - 60 °C (Тропикалық климатқа арналған үлгілер)	

Қосалқы электр жылытқышы бар сыртқы құрылғыларға арналған ескерту: қоршаған орта 0 °C-ден төмен температурада ең жақсы өнімділікке ие болу үшін құрылғыны әрқашан желіге қосылған күйінде ұстау ұсынылады.

Бекітілген жылдамдығы бар режим


	Салқындату	Жылыту	Кептіру
Үй-жайдағы температура	17 °C - 32 °C	0 °C - 30 °C	10 °C - 32 °C
Үй-жайдан тыс температура	18 °C - 43 °C	-7 °C - 24 °C	11 °C - 43 °C
	-7 °C - 43 °C (Күштірек салқындату жүйесі бар үлгілер)		18 °C - 43 °C
	18 °C - 54 °C (Тропикалық климатқа арналған үлгілер)		18 °C - 54 °C (Тропикалық климатқа арналған үлгілер)

Ауа баптағыштардың ең жақсы өнімділігіне арналған ұсыныстар

- есіктер мен терезелерді жабық ұстаңыз;
- құрылғының саңылауларын бұғаттамаңыз;
- ауа сүзгілерін үнемі тексеріп тұрыңыз және тазартып отырыңыз.

ҚБ пультін пайдалану

Қашықтан басқару пультінен командаларды беріп, пультті ішкі блокта орналасқан ҚБ сигналын қабылдағыштың терезесіне бағыттаңыз. ҚБ пультін ішкі блоктан 8 метрден аспайтын қашықтықта ұстаңыз. Команда сәтті қабылданған жағдайда Сіз дыбыстық сигналды естисіз.



Назар аударыңыз

- Егер ҚБ пульті мен ішкі блок арасында перделер, есіктер немесе өзге заттар болса, ол жұмыс істемейді.
- Пультқа судың тиюін болдырмаңыз және оны тікелей күн сәулелерінің және жылу көздерінің әсеріне ұшыратпаңыз.
- ҚБ пультінің сигналдарды қабылдауының бұзылуын болдырмау үшін ішкі блокта орналасқан ИҚ сигналдарды қабылдағышқа тікелей күн сәулелерінің түсуіне жол бермеңіз.
- Егер өзге электр аспаптар ҚБ пультінің сигналдарына жауап берсе, оларды ауа баптағыштан алыс жылжытыңыз немесе авторизацияланған сервистік орталыққа жүгініңіз.

Қуат беру элементтерін алмастыру

Басқару пульті сыртқы жағында орналасқан және қақпақпен қорғалған екі құрғақ батареялардан (R03/LR03X2) қуат алады.

1. Үстінен басып және корпустан жылжытып, қақпақты алып тастаңыз.
2. Ескі батареяларды шығарыңыз және (+) және (-) таңбаларына назар аударып, полярлылығына сәйкес жаңаларын салыңыз.
3. Қақпақты орнына орнатыңыз.

Ескерту: ҚБ пультінен батареяларды алып тастағаннан кейін орнатылған бағдарламаларды автоматты түрде арылту орын алады. Жаңа батареяларды орнатқаннан кейін басқару пультін бағдарламалауды қайта жүргізу қажет.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	RG52A2/BGCEF, RG52A2/BGEF, RG52A3/BGCEF, RG52A3/BGEF
Кернеуі	3.0 В (R03/LR03 x 2 құрғақ батареялары)
Сигналды қабылдау қашықтығы	8 м
Жұмыс температураларының диапазоны	-5°C - 60°C




Ерекшеліктері

- Жұмыс режимдері: «AUTO» (автоматты), «COOL» (салқындату), «DRY» (кептіру), «HEAT» (ысыту) берілген режим қолданылмайтын үлгілерден басқа және «FAN» (желдету).
- Таймерді баптау 24 сағат пішімінде жүзеге асырылады.
- Ішкі блок үшін температураларды баптау диапазоны 17°C-ден 30°C-ге дейін.
- Барлық функциялар СК дисплейде көрсетіледі.

RG52A/BG(C)EF, RG52A(C)EF


RG52A1/BG(C)EF, RG52A1/(C)EF
RG52B3/BG(C)E

RG52D/BG(C)E, RG52D/(C)E



ҚБ пульті

1. «ON/OFF» (қосу/өшіру) түймесі.
Құрылғыны қосу/өшіру үшін түймені басыңыз.
2. «MODE» (режим) түймесі.
Түймені әрбір басу ауа баптағыш режимін келесі тізбектілікте ауыстырып-қосады:
 - автоматты;
 - салқындату;
 - кептіру*;
 - жылыту;
 - желдету.
3. «FAN» (желдеткіш жылдамдығы) түймесі.
Желдеткіштің 4 жылдамдығының біреуін таңдау:
 - авто;
 - төмен;
 - орташа;
 - жоғары.
4. «SLEEP» («Ұйқы» режимі) түймесі.
Ауа баптағышы ұйқы үшін тек оңтайлы жайлы жағдайларды қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге электр энергиясын үнемдейтін «Ұйқы» арнайы режимін қосу/өшіру. Берілген режим тек салқындату, жылыту және «АВТО» режимдерінде ғана қолжетімді. Толығырақ ақпаратты «Ұйқы» режимі бөлімінен қар.



- Ескерту:** «Ұйқы» режимі «MODE» (режим), «FAN» (желдеткіш жылдамдығы) немесе «ON/OFF» (қосу/өшіру) түймелерін басқан кезде автоматты түрде өшіріледі.
5. «FRESH» (ауаны жаңарту функциясы) түймесі (тек RG52A3/BG(C)EF үлгілері үшін қолжетімді).
Ауаны жаңарту функциясын қосу/өшіру.
 6. «TURBO» (жоғары қуат) түймесі.
«Turbo» функциясын белсендіру/өшіру үшін пайдаланылады. Белгіленген температураға қысқа уақытта қол жеткізуге мүмкіндік береді.
 7. «SELF CLEAN» (өздігінен тазару функциясы) түймесі.
Ішкі блоктың өздігінен тазару режимін қосу/өшіру.
 8. «LED» (дисплейді қосу/өшіру) түймесі.
Ішкі блок дисплейінің көмескі жарығын белсендіреді/сөндіреді. Бұл түймені басқаннан кейін ішкі блок дисплейі жарық бола түседі, қайталап басқаннан кейін тек сыртқы жарық көзімен ғана жарықтандырылады.

*Барлық үлгілер үшін қолжетімді емес.

9. «▲» (жоғары) түймесі.
«▲» түймесін басу температураны 1 °C-ге көтереді. Максималь температура 30 °C.
«▼» (төмен) түймесі.
«▼» түймесін басу температураны 1 °C-ге төмендетеді. Минималь температура 17 °C.
10. «SHORTCUT» (жылдам баптау) түймесі.
- Ағымдағы баптауларды қалпына келтіру үшін немесе алдыңғы баптауларды жаңғырту үшін пайдаланылады.
 - Егер ауа баптағышты алғаш рет қосқаннан кейін «SHORTCUT» түймесі басылса, ол 26 °C температурасын сақтап, «AUTO» режимінде жұмыс істей бастайды, желдеткіштің жылдамдығы автоматты түрде белгіленеді.
 - Осы түймені басқаннан кейін (басқару пульті қосылған болуы тиіс) жүйе жұмыс режимін, белгіленген температураны, желдеткіштің жұмыс істеу жылдамдығын және жайлы ұйқы режимін (ол бұрын таңдалған болса) қосып, бұрынғы баптауларға автоматты түрде қайта оралады. Сәйкесінше сигналдар ішкі блокқа берілетін болады.
 - Егер басқару пульті өшірілген кезде осы түйме басылса, жүйе тек алдыңғы баптауларды ғана қалпына келтіреді, бірақ блокқа сәйкес сигналдарды бермейді. Бұл жағдайда жайлы ұйқы режимі қолжетімсіз.
 - Егер бұл түйме 2 секундтан артық басылатын болса, жүйе жұмыс режимін, белгіленген температураны, желдеткіштің жұмыс істеу жылдамдығын және жайлы ұйқы режимін (егер ол қосылған болса) қосып, ағымдағы параметрлерге автоматты түрде қайта оралады.
11. «TIMER ON» (қосу таймері) түймесі.
Ауа баптағыштың автоматты түрде қосылу уақытының мәнін енгізуді бастау үшін осы түймені басыңыз. Әрбір басу автоматты қосу уақытын 30 минутқа арттырады. 10:00 уақыт мәні көрсетілгеннен кейін әрбір басу автоматты түрде қосу уақытын 60 минутқа арттыратын болады. Автоматты түрде қосылу уақытын бағдарламалауды тоқтату үшін, жай ғана оны 0:00-ге тең деп орнатыңыз.
12. «TIMER OFF» (өшіру таймері) түймесі.
Ауа баптағыштың автоматты түрде өшірілу уақытының мәнін енгізуді бастау үшін осы түймені басыңыз. Әрбір басу автоматты түрде өшіру уақытын 30 минутқа арттырады. 10:00 уақытының мәні көрсетілгеннен кейін әрбір басу автоматты түрде өшіру уақытын 60 минутқа арттыратын болады. Автоматты түрде өшіру уақытын бағдарламалауды тоқтату үшін, жай ғана оны 0:00-ге тең деп орнатыңыз.
13. «DIRECT» (тік пердешелердің қозғалысы) түймесі.
Осы түймені басу ауа үлестіргіш пердешелерді автоматты түрде бұруды белсендіреді/тоқтатады, соның есебінен бүкіл үй-жайды біркелкі салқындату қамтамасыз етіледі немесе ауа ағынының (оңға/солға) қалаулы бағыты орнатылады. Түймені әрбір басқан сайын ауа баптағыштың тік пердешелері орнатылған бұрыш 6°-қа өзгереді, бұл ретте 1 сек. дисплейде «ГГ» таңбасы пайда болады. Осы түймені 2 секундтан артық басып тұрған кезде, пердешенің тік жапқыштарын автоматты түрде бұру функциясы белсендіріледі. Бұл ретте дисплейде «III» таңбасы 4 рет көрсетіледі, содан кейін темпе-

ратура баптаулары бастапқы күйіне қайта оралады. Пердешені автоматты түрде бұру функциясын сөндірген кезде дисплейде 3 секундқа «LC» таңбасы пайда болады.

14. «SWING» (көлденең пердешелердің қозғалысы) түймесі.

Бұл түймені басу пердешенің көлденең жармаларын автоматты түрде қозғалту режимін белсендіреді/сөндіреді немесе ауа ағынының (жоғары/ төмен) қалаулы бағытын орнатады. Түймені әрбір басқан кезде ауа баптағыштың көлденең пердешелері иілген бұрыш 6°-қа өзгереді. Бұл түймені 2 секундтан артық басып тұрған кезде пердешенің көлденең жармаларын автоматты қозғалту функциясы белсендіріледі.

15. «FOLLOW ME» («Артымнан ер») түймесі.

«Follow Me» түймесін басу арқылы пульттің орналасқан орнында температураны басқару пультінің дисплейінде суретті шығаруға болады. Басқару пульті «Follow Me» түймесі қайта басылмайынша үш минут сайын ішкі блокқа тиісті сигнал жіберіп отыратын болады. Ауа баптағыш 7 минуттың ішінде тиісті сигналды алмайтын болса, «Follow Me» функциясын орындауды автоматты түрде болдырмауы мүмкін.

Ескертулер:

- құрылғының үлгісіне байланысты түймелердің сыртқы түрі сәл ерекшеленуі мүмкін;
- нұсқаулықта сипатталған барлық функцияларды ауа баптағыштың ішкі блогы орындайды. Егер оның құрылымы қандай да бір функцияларды орындауға мүмкіндік бермейтін болса, басқару пультіндегі түймені басқаннан кейін сәйкес операция орындалмайды.

Дисплейдегі индикаторлар

Ескерту: суретте көрнекілік үшін барлық ықтимал индикаторлар көрсетілген. Бірақ ауа баптағыштың жұмыс істеуі кезінде олардың тек кейбіреулері ғана көрсетіледі.

Жұмыс режимін көрсету

Автоматты (☺), салқындату (*), кептіру (💧), жылыту (☀️), желдету (🏠) және автоматты режимге қайтару (☺️) сияқты ағымдағы жұмыс режимін көрсетеді.

Сигналды тарату индикаторы

Бұл индикатор басқару пульті ішкі блокқа сигналдарды таратқан кезде көрсетіледі.

«ON/OFF» индикаторы

Қосу/өшіру күйін көрсетеді. Алдыңғы күйге қайту үшін «ON/OFF» түймесін тағы да басыңыз.

Қосу таймерінің индикаторы

Ауа баптағышты автоматты қосу уақыты белгіленген кезде шығады.

Сөндіру таймерінің индикаторы

Ауа баптағышты автоматты өшіру уақыты белгіленген кезде шығады.

Жайлы ұйқы режимінің индикаторы

Осы режимге өткеннен кейін шығады. Бұл режимнен шығу үшін «SLEEP» түймесін тағы бір рет басыңыз.

«FOLLOW ME» индикаторы

«FOLLOW ME» функциясы белсендірілген болса көрсетіледі.

Дисплей

Белгіленген температура мәнін көрсетеді (17°C-30°C). «FAN» режиміне өткен кезде белгіленген температураның мәні көрсетілмейді. «TIMER» режимінде дисплейдің осы бөлігінде қосу және өшіру уақытының баптаулары көрсетіледі.



Желдеткіштің айналу жылдамдығының индикаторы

Желдеткіштің таңдалған жылдамдығын көрсетеді. «AUTO» (ештеңе көрсетілмейді) немесе үш жылдамдық деңгейлерінің біреуі:

- ☺️ (LOW, төмен);
- ☺️☺️ (MED, орташа);
- ☺️☺️☺️ (HIGH, жоғары).

«AUTO» және «DRY» режимдерінде айналу жылдамдығы автоматты түрде беріледі.

*Барлық үлгілер үшін қолжетімді емес.

ҚБ пультімен жұмыс істеу


Жұмысты бастамас бұрын ауа баптағыштың электр желісіне қосылғандығына көз жеткізіңіз.

«AUTO» режимі

1. «AUTO» режимін таңдау үшін «MODE» түймесін басыңыз.
2. Қалаулы температураны таңдау үшін «▲»/«▼» түймесін басыңыз. Температураны 1 °C дәлдігімен 17-30 °C диапазонында орнатуға болады.
3. Белгіленген режимде құрылғының жұмысын бастау үшін «ON/OFF» түймесін басыңыз.

Ескертулер:


- ауа баптағыш үй-жайдағы температура мен басқару пультінің көмегімен белгіленген температура мәнінің арасындағы айырмашылықты есептеп, «COOL», «FAN» немесе «HEAT» режимін автоматты түрде таңдайды;
- «AUTO» режимінде желдеткіштің жұмыс істеу жылдамдығын өзгертуге болмайды. Ол автоматты түрде беріледі;
- егер «AUTO» режимі жайсыз болса, қалаулы жұмыс режимін қолмен таңдауға болады.



«COOL», «HEAT» және «FAN» режимдері

1. «COOL», «HEAT» немесе «FAN» режимін таңдау үшін «MODE» түймесін басыңыз.
2. «▲»/«▼» түймелерінің көмегімен қалаулы температураны орнатыңыз. Температураны 1 °C дәлдігімен 17-30 °C диапазонында орнатуға болады.
3. Желдеткіштің жұмыс істеу жылдамдығын таңдау үшін «FAN» түймесін басыңыз. Қайталап басу арқылы «AUTO», «LOW», «MED» немесе «HIGH» жылдамдығын таңдауға болады.
4. Белгіленген режимде құрылғының жұмысын бастау үшін «ON/OFF» түймесін басыңыз.


Ескерту: «FAN» режимінде белгіленген температура басқару пультінің дисплейінде көрінбейді және баптау мүмкін емес. Бұл жағдайда жоғарыда келтірілгендерден тек 1, 3 және 4 тармақтарын ғана орындауға болады.



«DRY» режимі

1. «DRY» режимін таңдау үшін «MODE» түймесін басыңыз.
2. Қалаулы температураны таңдау үшін «▲»/«▼» түймесін басыңыз. Температураны 1 °С дәлдігімен 17-30 °С диапазонында орнатуға болады.
3. Белгіленген режимде құрылғының жұмысын бастау үшін «ON/OFF» түймесін басыңыз.

Ескерту: кептіру режимінде жұмыс істеген кезде желдеткіштің жұмыс істеу жылдамдығын өзгертуге болмайды, бұл режимде желдеткіштің жұмыс істеу жылдамдығын өзгерту автоматты түрде орындалады.



Ауа ағынының бағытын ауыстыру

Ауа ағынын қалаулы бағытқа бағыттау үшін «SWING» түймелерін пайдаланыңыз. «DIRECT» түймесін әрбір басқан сайын пердешелер өз еңісін 6 градусқа өзгертеді.

«SWING» түймесін басқаннан кейін пердешелер өз күйін жоғары және төмен автоматты түрде өзгерте бастайды.

Ескерту: пердешелер тербелген кезде немесе салқындату немесе жылыту тиімділігіне әсер ететін күйге өткен кезде ауа баптағыш автоматты түрде ауа ағынының бағытын өзгертетін болады.

Таймер


«TIMER ON» түймесін басқаннан кейін ауа баптағыштың автоматты түрде қосылу уақытын белгілеуге болады. Ауа баптағыштың автоматты түрде сөну уақытын белгілеу үшін «TIMER OFF» түймесін басыңыз.

1. Автоматты түрде қосу уақытын белгілеу үшін:

- «TIMER ON» түймесін басыңыз. Басқару пультінің дисплейінде «TIMER ON», соңғы белгіленген қосу уақыты таңбалары, сондай-ақ «Н» таңбасы пайда болады. Енді автоматты қосу уақытын алып тастап, жаңасын орнатуға болады.
- Автоматты қосылудың талап етілетін уақытын белгілеу үшін «TIMER ON» түймесін тағы да басыңыз. Бұл түймені әрбір басқаннан кейін уақыт мәні 0 және 10 сағат арасындағы уақыттық аралықта жарты сағатқа және 10 және 24 сағат арасындағы аралықта бір сағатқа өседі.
- Автоматты қосу уақытын баптағаннан кейін басқару пульті бір секунд кідіріспен сигналды ауа баптағышқа жібереді. Содан кейін 2 секундтан кейін «Н» индикаторы жоғалады және дисплейде температураның мәні көрсетіледі.

2. Автоматты өшіру уақытын белгілеу үшін:

- «TIMER OFF» түймесін басыңыз. Басқару пультінің дисплейінде «TIMER OFF» таңбалары, алдыңғы орнатылған уақыт мәні және «Н» таңбасы пайда болады. Енді бұл операцияны болдырмау үшін автоматты өшіру уақытын жоюға болады.
- Автоматты түрде өшіру талап ететін уақытты орнату үшін «TIMER OFF» түймесін тағы да басыңыз. Бұл түймені әрбір басқаннан кейін уақыт мәні 0 және 10 сағат арасындағы уақыттық аралықта жарты сағатқа және 10 және 24 сағат арасындағы аралықта бір сағатқа өседі.
- Автоматты өшіру уақытын баптағаннан кейін басқару пульті сигналды ауа баптағышқа бір секунд кідіріспен жібереді. Содан кейін 2 секундтан кейін «Н» индикаторы жоғалады және дисплейде температураның мәні көрсетіледі.



Ескерту: таймермен операцияны орындаған кезде басқару пульті автоматты түрде таймер сигналын ауа баптағыштың ішкі блогына белгіленген уақытта жібереді. Сондықтан басқару пульті оның сигналы ішкі блокқа сенімді түрде берілетіндей орналасуы тиіс.

Басқару пультінің көмегімен белгілеуге болатын таймердің іске қосылу уақыты келесі мәндермен шектелген: 0,5, 1,0, 1,5, 2,0, 2,5, 3,0, 3,5, 4,0, 4,5, 5,0, 5,5, 6,0, 6,5, 7,0, 7,5, 8,0, 8,5, 9,0, 9,5,10, 11, 12, 13, 14, 15,16,17, 18, 19, 20, 21, 22, 23 және 24.

Ауа баптағыш функциялары

Автоматты түрде іске қосу*

Құрылғыны желіден ажыратқан кезде және әрі қарай қосқан кезде ол сөндіргенге дейін орнатылған режимде жұмыс істей бастайды.

Зеңнің пайда болуын болдырмау функциясы*

Жұмысты автоматты («Auto») режимінде, салқындату («Cool») режимінде немесе кептіру («Dry») режимінде тоқтатқан кезде ауа баптағыш ықтимал конденсатты кептіру және зеңнің пайда болуын болдырмау үшін төмен қуатта жұмыс істеуін жалғастырады.

Тоңазыту агентінің жетіспеушілігін анықтағыш*

Тоңазыту агенті жетіспеген жағдайда дисплейде тиісті код («EC») пайда болады.

Сымсыз басқару*

Бұл функция Сізге сымсыз қосылым арқылы ауа баптағышқа қосылған смартфонның көмегімен ауа баптағышты басқаруға мүмкіндік береді. USB-порттың көмегімен орнату, жою және қосуды баптау үшін маманға жүгініңіз.

Пердеше баптауын есте сақтау*

Ауа баптағышты қосқан кезде пердеше құрылғы өшірілмейінше автоматты түрде орнатылған күйді қабылдайды.


**Барлық үлгілер үшін қолжетімді емес.*

«SLEEP» режимі

«SLEEP» (ұйқы) режимі ұйқы кезінде энергия тұтынуды және шу деңгейін төмендету үшін қолданылады. Бұл функцияны тек ҚБ пультінің көмегімен ғана белсендіруге болады.

- «SLEEP» түймесін басыңыз, содан кейін құрылғы ұйқы режиміне өтеді.
 - Салқындату режимінде ауа баптағыш бір сағаттан кейін температураны 1°C -ге арттырады, содан кейін тағы бір сағаттан кейін температураны тағы 1°C -ге көбейтеді.
 - Жылыту режимінде ауа баптағыш бір сағаттан кейін температураны 1°C -ге азайтады, содан кейін тағы бір сағаттан кейін температураны тағы 1°C -ге азайтады.
- Жаңа температураны орнатқаннан кейін ауа баптағыш оны 5 сағат бойы сақтайды, содан кейін автоматты түрде өшіріледі.

Ескерту: «Ұйқы» функциясы желдету және кептіру режимдерінде қолжетімсіз.




Ауа ағынын баптау

Ауа ағынының тік бұрышын баптау

Ауа баптағышты қосыңыз, содан кейін төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

- пердешені белсендіру үшін «SWING/DIRECT» түймесін басыңыз. Әрбір басқан кезде олар 6°-қа бұрылады. Қысқа басу арқылы ауа ағынының қажетті бұрышын орнатыңыз;
- ауа ағынының жоғары және төмен жылжуы үшін «SWING/DIRECT» түймесін басыңыз және 3 секунд бойы басып тұрыңыз.



Ескерту

- Ауа ағынының өте биік/төмен бұрышын орнатпаңыз, себебі бұл ауа баптағыштың тиімділігін төмендетеді және конденсаттың пайда болуына әкеледі, ал бұл зеңнің пайда болуына және конденсаттың еденге және жиһазға ағуына әкеледі.
- Пердешені қолмен жылжытуға талпынбаңыз, себебі олардың үйлесімділігі бұзылады. Егер ол орын алған болса, ауа баптағышты бірнеше секундқа желіден ажыратыңыз және қайта іске қосыңыз. Бұл пердешені баптау бұрышын жояды.


Ауа ағынының көлденең бұрышын баптау

Дефлекторлы өзекшені (оң жақтағы суретте) қажетті күйге қолмен орнатыңыз.

Абайлаңыз!

Құрылғының ішіндегі желдеткіштер үлкен жылдамдықпен айналады және сақ болмаған жағдайда саусақтарды жарақаттауы мүмкін.



Ескерту: кейбір үлгілер ҚБ пультінің көмегімен ауа ағынының көлденең бұрышын баптау функциясына ие.



Ауа баптағышты ҚБ пультінісіз басқару

ҚБ пульті істен шыққан жағдайда Сіз ауа баптағышты алдыңғы панельдегі сәйкес түйменің көмегімен қолмен басқара аласыз.

- Ауа баптағышты өшіріңіз.
- Алдыңғы панельді ашыңыз.
- Құрылғының оң жақ бөлігіндегі қолмен басқару түймесін табыңыз.
 - Автоматты режимді іске қосу үшін бір рет басыңыз.
 - Салқындату режимін іске қосу үшін екінші рет басыңыз.
 - Құрылғыны өшіру үшін үшінші рет басыңыз.
- Алдыңғы панельді жабыңыз.



Назар аударыңыз!

Бұл жұмыс режимі тек сынамалық іске қосуға және шұғыл жағдайларға арналған.

Қызмет көрсету және күтім

Ескерту: ауа баптағышты тазарту және қызмет көрсету алдында оның желіден ажыратылғандығына көз жеткізіңіз.





Құрылғыны тазарту үшін жұмсақ құрғақ матаны пайдаланыңыз. Қатты ластанған жағдайда матаны сабынды ерітіндіде аздап сулауға болады.

- Құрылғыны тазарту үшін химиялық өңделген маталарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны тазарту үшін бензин, ацетон, өзге еріткіштер мен қажақтарды пайдаланбаңыз, себебі бұл пластик беттерді зақымдайды және/немесе олардың пішімінің өзгеруіне әкеледі.
- Өте ыстық суды пайдаланбаңыз (40 °C жоғары), себебі бұл алдыңғы панельдің пішімін өзгертуі немесе түссіздендіруі мүмкін.

Ауа сүзгісін тазарту

Қоқыстанған ауа сүзгісі ауа баптағыштың жұмыс істеу тиімділігін төмендетеді, сондықтан ауа сүзгісін айына кем дегенде 2 рет тазарту ұсынылады.

1. Ішкі блоктың алдыңғы панельін көтеріңіз.
2. Алдымен бекітілімді әлсірету үшін сүзгі ұшындағы төсемді басыңыз, содан кейін оны көтеріңіз және өзіңізге тартыңыз.
3. Сүзгіні шығарыңыз.
4. Егер Сіздің сүзгіңізде сергіткішке арналған кіріктірмелер бар болса, оларды шығарыңыз және минималды қуатта шаңын сорыңыз.
5. Ауа сүзгісін жылы сабынды сумен тазартыңыз. Міндетті түрде жұмсақ жуғыш құралды пайдаланыңыз.
6. Сүзгіні таза сумен жуыңыз, содан кейін артық ылғалды жойыңыз.
7. Сүзгіні тікелей күн сәулелерінің әсеріне ұшырамаған құрғақ салқын жерде кептіріңіз.
8. Сергіткішке арналған кіріктірмелерді қайта орнатыңыз.
9. Сүзгіні ішкі блокқа орнатыңыз.
10. Алдыңғы панельді жабыңыз.



Ауа сүзгісін тазарту және ауыстыру туралы еске салу


240 сағат жұмыс істегеннен кейін ішкі модульдің дисплейінде ауа сүзгісін тазарту қажеттілігін білдіретін «CL» коды жыпылықтай бастайды. 15 секундтан кейін код өшеді. Хабарландыруды алып тастау үшін ҚБ пультіндегі «LED» түймесін 4 рет немесе қолмен басқару түймесін 3 рет басыңыз. Осы операциядан кейін «CL» коды құрылғыны қайта іске қосқаннан кейін жыпылықтайды.

2880 сағат жұмыс істегеннен кейін ішкі модульдің дисплейінде сүзгіні алмастыру қажеттілігін білдіретін «nF» коды жыпылықтай бастайды. 15 секундтан кейін код өшеді. Хабарландыруды алып тастау үшін жоғарыда сипатталған операцияларды қайталаңыз.


Ұзақ тұрып қалу аралығы

Егер Сіз ауа баптағышты ұзақ уақыт ішінде пайдаланбауды жоспарлаған болсаңыз, құрылғыны тұрып қалуға дайындау керек.


Ол үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:




Ауа сүзгілерін тазартыңыз.



Желдету функциясын қосып, құрылғыны кептіріңіз («FAN»).



Құрылғыны қуат желісінен ажыратыңыз.




Батареяларды ҚБ пультінен шығарыңыз.


Ұзақ тұрып қалудан кейін іске қосу

Егер Сіз ауа баптағышты ұзақ уақыт бойы пайдаланбаған болсаңыз, онда іске қоспас бұрын құрылғыны тексеруді және оны жұмысқа дайындауды ұсынамыз.

Ол үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:




Сымдар жүйесінде зақымдардың болмауын тексеріңіз.



Ауа сүзгілерін тазартыңыз.



Барлық қосылымдарда ағып кететін жерлердің болуын тексеріңіз.



Батареяларды ҚБ пультіне салыңыз.

Ықтимал ақаулықтар және оларды жою тәсілдері

ҚАУІПТІ!

Келесі жағдайлардың кез келгені орын алған жағдайда құрылғыны жылдам өшіріңіз!

- Қуат кабелі зақымданған немесе тым жылы.
- Күйік иісінің пайда болуы.
- Жұмыс істеу дыбысты тым қатты, аса жоғары дыбыстар.
- Сақтандырғыш жиі іске қосылады.
- Сұйқтық ауа баптағышқа түседі немесе одан ағып кетеді.

Ақаулықтарды өз бетіңізше жоюға тырыспаңыз, маманды шақыртыңыз.

Төмендегі кестеде берілген мәселелер ақаулық болып табылмайды және жиі немесе тұрақты түрде болмаса жоюды талап етпейді.

Проблема	Ықтимал себебі
Құрылғы қосылмайды/өшірілмейді	Құрылғыны 3 минут ішінде қосуға/өшіруге мүмкіндік бермейтін артық жүктемеден қорғаныс іске қосылды.
Құрылғы желдету режиміне ауысады («FAN»)	Қатып қалудан қорғаныс іске қосылды. Температура жоғарылаған кезде құрылғы алдында таңдалған режимде жұмыс істеуін жалғастырады.
	Белгіленген температураға жетті, содан кейін құрылғы компрессорды сөндіреді. Температура өзгерген кезде құрылғы алдында таңдалған режимде жұмыс істеуін жалғастырады.
Ішкі блоктан ақ бу шығады	Үй-жайдағы ауа температурасы мен ауа баптағыштан шығатын ауа температурасының айырмашылығынан ылғалдылығы жоғары аймақтарда бу немесе тұман пайда болуы мүмкін.
Екі блоктан да ақ бу шығады	Құрылғы ерітуден жылыту режимінде («HEAT») қайта қосылған кезде еріту процесінде пайда болатын ылғалдан ақ бу бөлінуі мүмкін.
Ішкі және сыртқы блоктардағы ерекше дыбыстар	Пердешелер орнын ауыстырған.
	Шерту дыбысы блоктан температура өзгерген кезде пластик бөлшектердің кеңеюінен немесе қысылуынан шығуы мүмкін.
	Газ тәрізді тоңазыту агенті ағынының тоқтауы, бағытының өзгеруі және ағынның өзі ауа баптағыш блоктарында ысылдауды тудыруы мүмкін.

Проблема	Себебі
Блоктардың кез келгенінен шаң шығады	Ауа баптағышта ұзақ уақыт бойы әрекетсіздіктен шаң жиналған. Ауа баптағышты ұзақ уақыт қажет болмаған жағдайда оны жауып, бұған жол бермеуіңізге болады.
Ауа баптағыштан шығатын жағымсыз иіс	Құрылғы үй-жайдан тыс көзден иісті сіңіріп алған (темекі түтіні, асүйден азық-түліктердің иісі және т.б.). Ауа сүзгісі бітеліп қалған.
Сыртқы блок желдеткіші жұмыс істемейді	Желдеткіштің жұмыс істеу жылдамдығы автоматты түрде бапталады, сондықтан ол жұмысты оңтайландыру үшін айналуын тоқтатуы мүмкін.
Құрылғы командаларға жауап бермейді	Қатты электрмагниттік сәулелену көздері ауа баптағыштың жұмысын бұзады. Құрылғыны қайта қосыңыз.

Өзге ақаулықтар пайда болған жағдайда төмендегі кестемен танысыңыз.

Проблема	Ықтимал себебі	Шешімі
Салқындату кезіндегі өнімділіктің төмендігі	Орнатылған температура үй-жайдағы температурадан жоғары.	Орнатылған температураны төмендетіңіз.
	Жылу алмастырғыш ластанған.	Жылу алмастырғышты тазартыңыз.
	Ауа сүзгісі ластанған.	Ауа сүзгісін тазартыңыз.
	Ауа ағынының кіру/шығу саңылаулары бұғатталған.	Ауа баптағышты өшіріңіз, тосқауылдарды алып тастаңыз және қайтадан іске қосыңыз.
	Есіктер/терезелер ашық.	Есіктер мен терезелердің жабық екендігіне көз жеткізіңіз.
	Күн жарығының шамадан артық әсер етуі.	Перделерді жабыңыз.
	Жылу көздері тым көп.	Жылу көздерінің санын азайтыңыз.
	Тоңазыту агентінің жеткіліксіздігі.	Бактың саңылаусыздығын тексеріңіз, қажет болған жағдайда тоңазыту агентін қосыңыз.
	Тыныш режимі белсендірілген.*	Тыныш режимді өшіріңіз.

*Барлық үлгілер үшін қолжетімді емес.

Проблема	Ықтимал себебі	Шешімі
Ауа баптағыш жұмыс істемейді	Қуат беру қатесі.	Қуат беру қалпына келгенше күте тұрыңыз.
	Қуат беру өшірілген.	Қуат беруді іске қосыңыз.
	Сақтандырғыш жанып кетті.	Сақтандырғышты алмастырыңыз.
	ҚБ пультіндегі батареялар тоқтап қалды.	Батареяларды алмастырыңыз.
	Артық жүктемеден қорғаныс белсендірілген.	3 минут күте тұрыңыз.
	Таймер белсендірілген.	Таймерді өшіріңіз.
Ауа баптағыш жиі қосылады және өшіріледі.	Тоңазыту агентінің жеткіліксіздігі.	Бактың саңылаусыздығын тексеріңіз, қажет болған жағдайда тоңазыту агентін қосыңыз.
	Жүйеге сығылмайтын газ немесе сұйықтық келіп түседі.	Тоңазыту агентін төгіп тастап, қайтадан құйыңыз.
	Компрессор ақаулы.	Компрессорды ауыстырыңыз.
	Өте жоғары/төмен кернеу.	Кернеуді реттеуге арналған манометрді орнатыңыз.
Жылыту кезіндегі өнімділіктің төмендігі	Қоршаған ортаның өте төмен температурасы.	Қосалқы электр жылытқышты пайдаланыңыз.
	Суық есіктер немесе терезелер арқылы кіреді.	Терезелер мен есіктердің тығыз жабылған екеніне көз жеткізіңіз.
	Тоңазыту агентінің жеткіліксіздігі.	Бактың саңылаусыздығын тексеріңіз, қажет болған жағдайда тоңазыту агентін қосыңыз.
Жарық индикаторлары жыпылықтайды	Құрылғы жұмысты тоқтатуы немесе әрі қарай жалғастыруы мүмкін. Егер индикаторлар жылтылдауын жалғастыратын болса немесе қате кодтары пайда болатын болса, шамамен 10 минут күте тұрыңыз. Мәселе өздігінен шешілуі мүмкін. Егер олай болмаса, қуатты сөндіріңіз, содан кейін оны қайтадан қосыңыз. Құрылғыны іске қосыңыз. Егер мәселе жойылмаса, қуатты сөндіріңіз және ең жақын жердегі клиенттерге қызмет көрсету орталығына жүгініңіз.	
Дисплейде қате коды көрінді: <ul style="list-style-type: none"> • E0, E1, E2... • P1, P2, P3... • F1, F2, F3... 		

Егер бұл ұсыныстар берілген мәселелерді жоюға көмектеспесе, онда білікті маманды шақырту қажет.

Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	AC-R070MA/W	AC-R090MA/W
Ішкі блок	MSAFA-07HRN1-QB8	MSAFA-09HRN1-QB8
Сыртқы блок	MOAA30-07HN1-QB8	MOAA31-09HN1-QB8
Қуат параметрлері	220-240 В, 50 Гц, 1 фаза	
Салқындату параметрлері	7000 БТЕ/сағ, 730 Вт, 3,5 А	8500 БТЕ/сағ, 887 Вт, 4,4 А
Жылыту параметрлері	7500 БТЕ/сағ, 685 Вт, 3,1 А	9000 БТЕ/сағ, 822 Вт, 4,2 А
Ішкі блоктың максимал ауа ағыны	485 м ³ /сағ	505 м ³ /сағ
Макс. тұтынылатын қуат	1300 Вт	1400 Вт
Тоңазыту агенті	R410A / 0,55 кг	R410A / 0,6 кг

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), сату және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыны монтаждау ережелері мен шарттары орнату нұсқаулығында сипатталған.
- Құрылғы қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5°C -ден 40°C-ге дейінгі ауа температурасында және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл булары, сілтілер) болмауы тиіс.
- Құрылғының дұрыс тасымалдануын қамтамасыз ету үшін келесі талаптарды сақтау қажет:
 - құрылғыдан бар болса, барлық ішкі керек-жарақтарын шығарып алып, оларды бөлек ораңыз;
 - құрылғының жұмысқа жарамдылығы мен сыртқы түрін сақтау үшін оның қаптамасының дұрыстығына көз жеткізіңіз (ірі габаритті техниканы сыни жерлерде гофрленген картоннан жасалған астарлары бар полиэтилен немесе бұдырлы пленкаға орау қажет);
 - көлік құралында жылжытылу мүмкіндігін жою үшін құрылғыны белдіктермен мықтап бекітіңіз;
 - сыртқы ортаның әсерін толығымен жою үшін тек жабық көлікті пайдаланыңыз;
 - тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде қаптаманың өте сақтықпен қаралуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны сату ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес әрі қарай қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін тиісті электрлік және электрондық жабдықтарды қабылдау пунктінде кәдеге жаратылуға өткізілуі тиіс. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды сақтауға және тиісті түрде пайдаланбаған жағдайда туындауы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтірудің алдын-алуға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдайтын пункттер мен оны кәдеге жарату туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығару бойынша кәсіпорында алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталғанда дереу авторизацияланған сервистік орталыққа жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату қажет.



Қосымша ақпарат

Өндіруші: Гуанчжоу Хуалин Рефриджирейтинг Эквипмент Ко., Лтд.
Мэйдэ 1-ші тас жолы №6, Чжуцзян өнеркәсіптік паркі, Чжуцзян көш., Наньша,
Гуанчжоу қ., Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нур-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,
Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» КО ТР 004/2011;
- «Техникалық құралдардың электрмагниттік үйлесімділігі» КО ТР 020/2011.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың «Электртехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» ЕАЭО ТР 037/2016 техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Сапаны жақсарту үшін бұйымның сыртқы түрі және оның сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшыратылуы мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

EAC

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйымды сатып алған сәттен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсетуге пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кесірінен істен шықпаған элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервистік орталықтардың аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 36 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club